

«Балапан» кіші тобы тәрбиешілерінің I жарты жылдық, талдамалық есебі

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Балапан» кіші тобына 8 ұл бала, 7 қыз бала, барлығы 15 бала қабылданды. ҚР-ның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен оқу бағдарламасына сүйеніп, 2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспары (қыркүйек) мен циклограмма (айталық) жоспары құрылды. Осы МДҰ-ның тәрбие мен оқыту жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып, мерекелік іс-шаралар мен дербес және негізгі іс-әрекеттер ұйымдастырылды. Топ іші жыл мезгіліне сай безендірілді. Сапалы тәрбие мен білім беру үшін бала жасына сәйкес «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша бағдарламалық, дамыту материалдарымен толықтырылды. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін, таңертеңгілік жаттығулар жасалып, гигиеналық дағдылары дамытылды. Қоршаған ортамен таныстыру, бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырды.

2 қыркүйек «Білім күніне» орай «Балабақша - жайлы мекен» тақырыбында балабақша іші мен ауласына экскурсия өткізілді. Нәтижесінде балалардың балабақша туралы түсініктері толықты.

Қыркүйек айының 5-сы күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Тілім менің – тірегім!» тақырыбында және «балаларды ана тілін құрметтеуге, дәріптеуге үйрету» мақсатында іс-шара ұйымдастырылды.

Қыркүйек айының екінші аптасында «Отбасы күні» мерекесіне орай ата-аналар мен балалар арасында «Менің отбасым» тақырыбында үздік бейне ролик сайысы өтті. Ата-аналар сайысқа белсенді қатысып, өз отбасын сипаттап, мадақтап бейне ролик арқылы көрсете білді.

Қыркүйек айының 1-10 аралығында «Бастапқы даму» мониторингі жасалды. Балалардың 5 білім саласы бойынша білім-білік дағдылары анықталды. Бастапқы диагностика нәтижелері бақылау парағына тіркелді. Мониторинг нәтижесіне сай, балалардың «Жеке даму» картасы толтырылды.

19 қыркүйек күні топтың Ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста топтың 2024 – 2025 оқу жылындағы мақсат - міндеттері мен іс-шаралар бойынша мәселелер талқыланды. Топ бөлмелерімен, тәрбиешілерімен, ас мәзірімен таныстырылды. Ата-аналарға балаланың күн тәртібіне қатысты және баланың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер берілді. Ата-аналар комитетінің төрайымы ретінде Нысанбаева Айнұр және оның мүшелерін сайлады.

24 қыркүйек күні балалармен Ертегілер елінде: «Тышқан мен түлкі?» ертегісі сахналанды. Алдымен балаларға ертегіні теледидардан тамашалату арқылы сахналауына көмек көрсетілді. Балалар тышқаның адам баласына жасаған достығы, түлкінің айлакер зұлым әрекеті жайлы айтып, ертегіден алған әсерлерімен бөлісті.

«Біртұтас тәрбие» жоспарына бойынша 15 қазан күні балалар арасында Денсаулық күні: «Денсаулық кілемшесі» атты эстафеталық жарысы өткізілді.

Қазан айының соңғы аптасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша ата-аналар мен балалар арасында «Күзгі еңбек» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ата-аналар мен тәрбиеленушілер күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып, күзгі көрме жасады. Қараша айында Сауық кеш: «Түрлі- түсті шарлар» ойын сауық кеші ұйымдастырылды.

Қараша айының алғашқы аптасында топтың «Қош бол, алтын күз!» атты ертеңгілігі өтті. Балалар мерекеде ән айтып, би билеп, түрлі ойындар ойнады. Алтын күз туралы түсініктері толықты.

Қараша айының II аптасында балаларға ертегілер елінде «Алма» ертегісі ұйымдастырылып саханалады. Балалар қойылымды қызыға тыңдады.

Қараша айының 29-ы күні балаларды мақсатында «Күзгі бақ» атты іс-шара ұйымдастырылды. Балалар ойындар ойнап, би биледі.

13 желтоқсан күні Тәуелсіздік күні мерекесіне байланысты «Жаса Қазақстан!» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында балаларға рәміздер, әнұран, көк туымыз туралы түсінік берілді. Рәміздерді құрметтеу керегі үйретілді.

Желтоқсан айының III аптасында «Біз көңілді балдырған» тақырыбында ойындар сайысы өтті. «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, салт-дәстүрден ұлттық ойындар арқан тарту ойындары ойнатылды.

Желтоқсан айының 18-і күні топтың «Ата-аналар жиналысы» өтті. «Томпандаған бөбегім ертеңіңе сенемін» тақырыбында топ тәрбиешісі Бидаулетова Пернегүл баяндама оқыды. Ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?» деген тақырыпта сауалнама жүргізілді. Ата-аналарды Жаңа жылдық ертеңгілік жоспарымен таныстырып, жиналыста балалардың сыйлықтары мен киім мәселесі талқыланды.

19 – 21 желтоқсан аралығында «Балабақшадағы бір күн» тақырыбында 5 күн «Ашық есік» күні іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізілді. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, әсем ән де айтылып, Ата-аналармен ұлттық ойындар да ұйымдастырылды.

26 желтоқсан күні топтың «Кел, Жаңа Жыл, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігі өтті. Балалар Жаңа жылдық кеште тақпақтар айтып, би биледі. Әсем әуен де орындады. Аяз ата мен Ақшақар келіп, балаларға түрлі тәттілер салынған сыйлықтар таратты.

Қорытынды. Топ балаларының қыркүйек айының басынан желтоқсан айының соңына дейін табиғат құбылыстары мен қоршаған орта туралы түсініктері толықтырылды. Нәтижесінде балалар айналаны бақылауды, құстар, үй жануарларын атауды үйренді, заттарды топтастыра алды. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдылары едәуір қалыптасты.